Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына валюталық реттеу, сыртқы сектор статистикасы және бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 27 шілдедегі № 90 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 шілдеде № 39427 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының валюталық реттеу, сыртқы сектор статистикасы және бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы *Т. Сулейменов*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2026 жылғы 27 шілдедегі
№ 90 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының валюталық реттеу, сыртқы сектор статистикасы және бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

59-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

61-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

62-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

64-тармақтың 2) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

65-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

67-тармақтың 2) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

70-тармақтың 2) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

74-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

190 және 191-тармақтарда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

214-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. "Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18214 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларында:

1-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

4-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

5-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

3. "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:

12-тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (ол болған жағдайда) (жеке тұлға – шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам үшін);

3) Ұлттық Банктің, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы (ол болған жағдайда);";

16-тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"6) валюталық шарттың деректемелерін және валюталық шарттың есептік нөмірін (ол болған жағдайда) көрсете отырып ұсынады.";

1-қосымша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының валюталық реттеу, сыртқы сектор статистикасы және бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4. "Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 18509 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларында:

8-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Филиал (өкілдік) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидаларға сәйкес талап етілетін есептерді қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімін сақтай отырып, цифрлық жүйелерді қолдану арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.

Өзге тәсілмен ұсынылған есеп кейіннен қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімін сақтай отырып, цифрлық жүйелерді қолдану арқылы электрондық тәсілмен растауды талап етеді.";

1-қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-қосымша Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидалардың 15-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында және 22-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген мән-жайлардың туындағанын растайтын құжат сот шешімі не шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлға-бейрезиденттің қайтыс болуын тіркеу, қайтыс болған деп жариялау, әрекетке қабілетсіздігі не әрекетке қабілетінің шектеулілігі танылуы, бейрезидент заңды тұлғаны тарату туралы құжаты болып табылады. Егер бұл құжаттар шет тілінде жасалған болса, онда олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса ұсынылады.";

12-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжаттың көшірмесін (шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін);";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа жаңа есептік нөмір беру мына мәліметтер өзгерген кезде талап етіледі:

1) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың валютасы;

2) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың қатысушылары, егер мұндай өзгеріс капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысының талаптары немесе міндеттемелері бойынша тұлғалардың ауысуына әкеп соқса;

3) валюталық шарттың нысаны, егер мұндай өзгеріс капитал қозғалысы операцияларын, оларға теңестірілген операцияларды қайта жіктеуге және (немесе) есеп нысанының өзгеруіне әкеп соқса;

4) валюталық шартқа қатысушы бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі, оның ішінде азаматтығы немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құқығы негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркелген елі);

5) заңды тұлға болып табылатын, валюталық шарттың резидент-қатысушысының сәйкестендіру деректері, оның бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы нәтижесінде өзгерген жағдайда.

Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа төмендегі мәліметтер өзгерген кезде жаңа есептік нөмір беру талап етілмейді:

1) банк-агент сақталған жағдайда, резидент тартатын синдикатталған қарыз шарттарындағы кредиторлар өзгерген кезде;

2) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысының сәйкестендіру деректері: заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) өзгерген кезде. Бұл ретте резидент сәйкестендіру деректерінің өзгергені туралы өзінің тұрақты тұратын немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына хабарлайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтердің өзгеруін көздемейтін капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың жаңа редакцияда баяндалуы жаңа есептік нөмір беруді талап етпейді.";

15-тармақтың 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"8) резидент жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған және құқықтық мирасқор болмаған жағдайда;

9) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың тарапы болып табылатын бейрезидент жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған, бейрезидент заңды тұлға таратылған жағдайда;";

27-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа қатысушы резиденттердің және (немесе) қатысушы бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі, оның ішінде азаматтығы немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құқық негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркелген елі) өзгерген күннен бастап - жеке тұлға үшін тұрақты тұратын жері немесе тіркелген жері бойынша, заңды тұлға үшін орналасқан жері бойынша, осындай өзгерістер туралы;";

1-қосымша Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3, 4 және 5-қосымшаларда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу үшін статистикалық нысандарды және оларды толтыру нұсқаулықтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 23 маусымдағы № 33 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36409 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымша Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымша Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымша Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша Тізбеге 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша Тізбеге 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша Тізбеге 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымша Тізбеге 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымша Тізбеге 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымша Тізбеге 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

22-қосымша Тізбеге 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

23-қосымша Тізбеге 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

25-қосымша Тізбеге 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымша Тізбеге 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-қосымша Тізбеге 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

28-қосымша Тізбеге 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

29-қосымша Тізбеге 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

30-қосымша Тізбеге 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

31-қосымша Тізбеге 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

32-қосымша Тізбеге 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Ұлттық Банкі Басқармасының
валюталық реттеу, сыртқы
сектор статистикасы және
бухгалтерлік есеп жүргізу
мәселелері бойынша өзгерістер
енгізілетін кейбір
қаулыларының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: № _____ бұзушылық бойынша карточка

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: KN1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: _____ жылғы _____ ай үшін

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде, ай сайын

БСН:_____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Жол коды	Ақпарат түрі	Бұзушылық бойынша ақпарат
10	Банк клиенті бойынша ақпарат:	
11	атауы (заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін), ұйымдастыру-құқықтық нысаны (ол болған жағдайда), тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (жеке тұлғалар үшін)	
12	БСН (заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін)	
13	ЖСН (жеке тұлғалар үшін)	
14	клиент белгісі: 1 – заңды тұлға, 2 – жеке тұлға, 3 – заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі)	
15	тұрақты тұратын (орналасқан) жері	

16	облыс коды	
20	Валюталық операция бойынша ақпарат:	
21	күні	
22	сомасы	
23	валютасы	
30	Бұзушылық жөніндегі ақпарат:	
31	түрі	
32	бұзушылықтың сипаты	
33	валюталық шарттың нөмірі (бос орынсыз көрсетіледі)	
34	валюталық шарттың күні (КК/АА/ ЖЖЖЖ форматында)	
35	есептік нөмірі (ол болған жағдайда)	
36	валюталық шарт бойынша өзге ақпарат (ол болған жағдайда)	
37	бұзушылық бойынша қосымша мәліметтер	

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы_____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Бұзушылық бойынша карточка" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бұзушылық бойынша
карточка" өтеусіз негізде
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанына
қосымша

Бұзушылық бойынша карточка (индексі – KN1, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бұзушылық бойынша карточка" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.

2-тарау. Нысанды толтыру

2. Ақпарат Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

3. Коды 11-жолда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); заңды тұлғаның немесе заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы; ұйымдық-құқықтық нысаны (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

4. Коды 16-жолда "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші" ҚР ҰЖ 11 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес облыс кодының алғашқы 2 цифры көрсетіледі.

5. Коды 21, 22 және 23-жолдар құжаттарды немесе ақпаратты беру мерзімі бұзылған жағдайларда толтырылмайды.

6. Коды 21-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция күн көрсетіледі.

7. Коды 22-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операцияның сомасы операция валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

8. Коды 23-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюта кодының "Валюталарды және қорларды ұсынуға арналған кодтар" 07 ISO 4217 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес әріппен берілген белгісі көрсетіледі.

9. Коды 31-жолда мәтіндік және (немесе) сандық форматтағы бұзушылықтың түрі көрсетіледі.

10. Коды 32-жолда бұзушылықтың қысқаша сипаты мәтіндік форматта келтіріледі.

11. Коды 34, 35 және 36-жолдар валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюталық шарт болған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
валюталық реттеу, сыртқы
сектор статистикасы және
бухгалтерлік есеп жүргізу
мәселелері бойынша өзгерістер
енгізілетін кейбір
қаулыларының тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Валюталық операция туралы мәліметтер

Уәкілетті банктің коды _____

Төлем құжатының нөмірі _____

Күні _____

Жол коды	Ақпарат түрі	Ақпарат
01	Валюталық операция коды	
02	Төлем (ақша аударымы) белгісі (" 1" – ішкі корпоративтік ақша аударымы; "0" – өзге төлем (ақша аударымы)	
10	Төлем құжатында көрсетілген төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі және бенефициары туралы ақпарат	
11	Жөнелтушінің резиденттік елінің коды	
12	Бенефициардың резиденттік елінің коды	
20	Валюталық шарт туралы ақпарат:	
21	Шарттың нөмірі (атауы, ол болған жағдайда)	
22	Шарттың күні	
23	Шарттың есептік нөмірі (ол болған жағдайда)	
24	Валюталық шарт бойынша өзге ақпарат (ол болған жағдайда)	
30	Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші туралы ақпарат (төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушімен сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)	
31	Резиденттік белгісі	
32	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Заңды тұлғаның, оның филиалының (өкілдігінің) атауы	
33	ЖСН немесе БСН (ол болған жағдайда)	
34	Экономика секторының коды	
35	Резиденттік елінің коды	
40	Валюталық шарт бойынша ақша алушы туралы ақпарат (төлем құжатында көрсетілген бенефициармен сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)	
41	Резиденттік белгісі	
	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Заңды	

42	тұлғаның, оның филиалының (өкілдігінің) атауы	
43	ЖСН немесе БСН (ол болған жағдайда)	
44	Экономика секторының коды	
45	Резиденттік елінің коды	

Ескертпе: нысан "Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Валюталық операция
туралы мәліметтер" нысанына
қосымша

"Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.

2. Нысан тиісті төлем құжатына қосымша ретінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

3. Резидент-клиенттер және бейрезидент-клиенттер 01, 02, 11 және 12-жолдарды толтырады. 21, 22, 23, 24, 31, 32, 33, 34, 35, 41, 42, 43, 44 және 45-жолдарды тек резиденттер толтырады.

4. 01-жол Түсіндірмеге қосымша болып табылатын валюталық операциялар кодының кестесіне сәйкес толтырылады.

5. 11, 12, 35 және 45-жолдарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес резиденттік елінің екі таңбалы коды көрсетіледі.

Заңды тұлғаның, заңы тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркелу елі – резиденттік елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі (азаматтығы немесе Қазақтан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұсынылған құқық негізінде).

6. 31, 34, 41 және 44-жолдар "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

"Валюталық операция туралы

мәліметтер" нысанын толтыру
бойынша түсіндірмеге
қосымша
Кесте

Валюталық операциялардың кодтары

Валюталық операциялардың кодтары	Операциялардың атауы
1. Банктік шоттарды қолдана отырып жүргізілетін операциялар	
11. Сыртқы сауда операциялары (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер), оның ішінде комиссия және электрондық ақшаны сатып алу/өтеу шарттары бойынша	
11.1 тауарлар үшін төлемдер:	
1111	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлар үшін төлемдер
1112	Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарлар үшін төлемдер
1113	Қазақстан Республикасының аумағында және оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетпей сатып алынған немесе сатылған тауарлар үшін төлемдер
1114	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде және оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелмей сатып алынған немесе сатылған тауарлар үшін төлемдер
11.2 жұмыстар және көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер:	
1121	бейрезиденттің резидентке көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін төлемдер;
1122	резиденттің бейрезидентке көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін төлемдер
1123	резиденттің резидентке көрсететін қызметтері немесе орындайтын жұмыстары үшін төлемдер
1124	бейрезиденттің бейрезидентке көрсететін қызметтері немесе орындайтын жұмыстары үшін төлемдер
11.3 электрондық ақшамен операциялар	
1131	резидент эмитенті болатын электрондық ақшамен операциялар
1132	бейрезидент эмитенті болатын электрондық ақшамен операциялар
11.4 өзге төлемдер:	
1141	тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттары бойынша ілеспе төлемдер
1142	қате аударылған соманы, сондай-ақ ұсынылмаған тауарлар, көрсетілмеген қызметтер, орындалмаған жұмыстар үшін төленген төлемдерді қайтару

1143	тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттары бойынша өзге төлемдер
12. Жылжымайтын мүлікпен, өзге жабдықпен және көлік құралдарымен (сатып алу және сатудан басқа), өндірілмеген қаржылық емес активтермен, зияткерлік меншік объектілерімен, материалдық емес активтермен операциялар	
12.1. тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды қоса алғанда, меншік құқығын, зияткерлік меншік объектілеріне толығымен айрықша құқықты толық иелену	
1211	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікке, өндірілмеген қаржылық емес активтерге (жер, оның қойнауы) меншік құқығын иелену
1212	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікке меншік құқығын иелену
1213	зияткерлік меншік объектілеріне толығымен айрықша құқықты иелену
1214	өзге материалдық емес активтерге меншік құқығын иелену
12.2. ағымдағы жалдау (жер қойнауын пайдалану құқығын қоса алғанда), айрықша құқықты ішінара иелену	
1221	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікті, өндірілмеген қаржылық емес активтерді (жер, оның қойнауы) жалдау
1222	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті жалдау
1223	жабдықты және көлік құралдарын жалдау
1224	зияткерлік меншік объектілеріне ішінара айрықша құқықты иелену
1225	өзге материалдық емесе активтерді пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге төлемдер
12.3. қаржы лизингі немесе кейіннен сатып ала отырып жалға алу	
1231	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікті кейіннен сатып ала отырып жалға алу
1232	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүліктің қаржы лизингі
1233	жабдықтың және көлік құралдарының қаржы лизингі
12.4. өзге төлемдер	
1241	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және жылжымайтын мүлікпен, өзге жабдықпен және көлік құралдарымен (сатып алу және сатудан басқа), өндірілмеген қаржылық емес активтермен, зияткерлік меншік объектілерімен, материалдық емес активтермен операциялар бойынша басқа да төлемдер

13. Қаржы құралдарымен операциялар	
13.1. қарыздар, капиталға қатысу құралдары, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары	
1311	қарыздар бойынша төлемдер (беру және тарту, өтеу және олар бойынша кіріс)
1312	туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер және олар бойынша кіріс төлеу
1313	капиталға қатысу (жарғылық капиталды қалыптастыру, сатып алу, сату)
1314	дивидендтер (пайданы бөлу)
1315	борыштық бағалы қағаздар (шығару, сатып алу, сату , өтеу, олар бойынша кіріс)
13.2. брокерлік қызмет көрсету, портфельді инвестициялық басқару шарттарының шеңберінде (егер қаржы құралын анықтау мүмкіндігі болмаса)	
1321	брокермен, резидент-басқарушы компаниямен жасалған шарттар бойынша операциялар
1322	брокермен, басқарушы компаниямен, бейрезидент-инвестициялық банкпен жасалған шарттар бойынша операциялар
13.3. мүлікті сенімгерлік басқару, трасттар	
1331	резидент-сенімгерлік басқарушымен жасалған шарттар бойынша операциялар
1332	бейрезидент-сенімгерлік басқарушымен жасалған шарттар бойынша операциялар
13.4. бірлескен қызметке қатысушы міндеттемелерін орындау (1, 2-бөлімдерге енгізілген операцияларды қоспағанда)	
1341	Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен қызметті жүзеге асыру көзделетін шарттар бойынша операциялар
1342	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бірлескен қызметті жүзеге асыру көзделетін шарттар бойынша операциялар
13.5. өзге төлемдер	
1351	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және қаржы құралдарымен, электрондық ақшамен операциялар бойынша, брокерлік қызмет көрсету, портфельді инвестициялық басқару, сенімгерлік басқару, траст, бірлескен қызмет шарттары бойынша басқа да төлемдер
14. Меншікті шоттар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары және саудаға жатпайтын операциялар	
14.1. меншікті шоттар бойынша	
1411	басқа резидент-банктегі меншікті шотқа (меншікті шоттан) ақша аудару
1412	шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы меншікті шоттан (меншікті шотқа) ақша аудару

1413	резидент-банктегі шоттан қолма-қол шетел валютасын алу
1414	резидент-банктегі шотты толтыру үшін қолма-қол шетел валютасын енгізу
1415	1419-кодта көзделген операцияны қоспағанда, уәкілетті банктің клиенттен шетел валютасын сатып алуы, клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын ұлттық валютаға сатуы
1416	уәкілетті банктің клиентке шетел валютасын сатуы, клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алуы
1417	уәкілетті банктің клиенттен (клиентке) шетел валютасын сатып алуы (сатуы), клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын басқа шетел валютасына сатып алуы (сатуы)
1418	өзге валюталық құндылықтарды сатып алу/сату
1419	клиенттің бұрын сатып алған және белгіленген мерзімде пайдаланбаған шетел валютасын сатуы
14.2. үшінші тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, басқа ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың) пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
1421	өтеусіз ақша аударымдары, өтеусіз қаржылай көмек, мүшелік жарналар және үшінші тұлғалардың пайдасына басқа да төлемдер және (немесе) ақша аударымдары
1422	үшінші тұлғаның резидент-банктегі шотын толтыру үшін қолма-қол шетел валютасын енгізу
1423	төлем картасын пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер (егер операция өзгеше жіктелмесе)
1424	баждар, салықтар, айыппұлдар, сот шешімдерін және басқаларды төлеу
1425	зейнетақы, жалақы, іссапар шығысын төлеу
1426	банктік шоттар бойынша сыйақы және комиссиялар
14.3. ілеспе төлемдер	
1431	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және 14.1, 14.2-бөлімдерге енгізілмеген басқа да операциялар
15. цифрлық активтермен операциялар	
1501	цифрлық активтерді сатып алу операциялары
1502	цифрлық активтерді сату операциялары
2. Банктік шоттарды пайдаланбай жүргізілетін операциялар	
21. Клиенттерден валюталық құндылықтарды (қолма-қол шетел валютасын қоспағанда) сатып алу	
2101	чектерді, вексельдерді және басқа төлем құжаттарын сатып алу
2102	аффинирленген алтыннан жасалған өлшеуіш құймаларды және басқа да валюталық құндылықтарды сатып алу

22. Клиенттерге валюталық құндылықтарды (қолма-қол шетел валютасын қоспағанда) сату	
2201	чектерді, вексельдерді және басқа төлем құжаттарын сату
2202	аффинирленген алтыннан өлшеуіш құймаларды және басқа да валюталық құндылықтарды сату
23. Шот ашпай жүргізілетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
2301	Қазақстан Республикасының аумағындағы төлем және (немесе) ақша аударымы
2302	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберілген немесе шетелден алынған төлем және (немесе) ақша аударымы
24. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің меншікті шоттары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
24.1. меншікті шоттар бойынша	
2415	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің өз мақсаттары бойынша ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алуы
2416	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің өз мақсаттары бойынша шетел валютасын ұлттық валютаға сатуы
2417	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің басқа шетел валютасына шетел валютасын сатып алуы (сатуы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
валюталық реттеу, сыртқы
сектор статистикасы және
бухгалтерлік есеп жүргізу
мәселелері бойынша өзгерістер
енгізілетін кейбір
қаулыларының тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ПР-9

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: ____ жылғы _____ ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Валюталық шарттың деректемелері		
Валюталық шарттың нөмірі	Валюталық шарттың күні	Валюталық шарттың есептік нөмірі
1.1	1.2	1.3

кестенің жалғасы

2. Төлем құжаты бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
2.1	2.2	2.3	2.4	2.5

кестенің жалғасы

3. Төлем құжаты бойынша бенефициар				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
3.1	3.2	3.3	3.4	3.5

кестенің жалғасы

4. Валюталық операция туралы ақпарат								
Күні	Валюталық операция референсі	Валюталық операция коды	Төлем белгілеу коды (ТБК)	Валюта бірлігіндегі сома	Төлем валютасының коды	Төлем белгісі	Ішкі корпоративтік ақша аударымының белгісі	Ақша шығаруға, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға байланысты операция түрі
4.1	4.2	4.3	4.4	4.5	4.6	4.7	4.8	4.9

кестенің жалғасы

5. Валюталық операция бойынша контрагенттің ұйымы (банк) туралы ақпарат			
Ұйымның (банктің) сәйкестендіру коды (БСК)	Атауы	Ел коды	Трансшекаралық төлем белгісі
5.1	5.2	5.3	5.4

кестенің жалғасы

6. Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
6.1	6.2	6.3	6.4	6.5

кестенің жалғасы

7. Валюталық шарт бойынша ақша алушы				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
7.1	7.2	7.3	7.4	7.5

кестенің жалғасы

8. Ескертпе

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Күні 20___ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Жүргізілген валюталық валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Жүргізілген валюталық
валюталық операциялар туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп (индексі – ПР-9, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды уәкілетті банк ай сайын ұсынады және онда олар жүргізген валюталық операциялар туралы, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары жөніндегі ақпарат қамтылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. Нысанға есепті кезеңдегі "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары) айқындалатын шекті мәнге тең немесе одан асатын сомадағы валюталық операциялар жөнінде ақпарат енгізіледі.

5. Нысанда валюталық операциялар:

клиенттердің тапсырмалары бойынша (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша – клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотына ақша есептеу (клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотынан ақшаны есептен шығару) күні;

уәкілетті банктің өз төлемдері және (немесе) ақша аударымдары бойынша – уәкілетті банктің корреспонденттік шотына ақша есептеу (уәкілетті банктің корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығару) күні;

басқа валюталық операциялар бойынша – операциялар жасау күні көрсетіледі.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратты уәкілетті банк резиденттен немесе бейрезиденттен осындай төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты алуына қарай түзетеді.

6. Нысанның 1, 6 және 7-бөліктері валюталық шарт негізінде валюталық операциялар жүзеге асырылған жағдайда толтырылады.

7. Нысанның 1-бөлігінде валюталық шарттың деректемелері көрсетіледі. 1.3-баған валюталық шартқа есептік нөмір берілген кезде толтырылады.

8. Нысанның 2 және 3-бөліктерінде төлем құжатына сәйкес ақша жөнелтуші мен бенефициар туралы ақпарат көрсетіледі.

2.3 және 3.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ

ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ақша жөнелтушінің , бенефициардың тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі. Уәкілетті банкте ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың тіркелген елі немесе тұрақты тұратын елі туралы анық мәліметтер болмаған кезде көрсетілген бағандар төлем құжатының деректері негізге алына отырып толтырылады.

2.4, 2.5, 3.4 және 3.5-бағандар "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі – Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары) сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына (шоттан) қолма-қол ақша салған (алған) жағдайларды қоспағанда, банктік шотқа (шоттан) қолма-қол ақша салынған (алынған) кезде Нысанның 2 және 3-бөліктерінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады. Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына қолма-қол ақша салған кезде Нысанның 2-бөлігінде ақша салатын тұлға туралы, Нысанның 3-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотынан қолма-қол ақшаны алған кезде Нысанның 2-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады, Нысанның 3-бөлігінде ақша алатын тұлға туралы ақпарат толтырылады.

Уәкілетті банктің шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатуы кезінде Нысанның 2-бөлігінде уәкілетті банк туралы, Нысанның 3-бөлігінде сатып алушы туралы ақпарат көрсетіледі.

Уәкілетті банктің шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатып алуы кезінде Нысанның 2-бөлігінде сатушы туралы ақпарат, Нысанның 3-бөлігінде уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бөлігінде валюталық операция туралы ақпарат көрсетіледі.

4.1-бағанда валюталық операция күні есепті кезеңге сәйкес келуі тиіс.

4.2-бағанда валюталық операцияның мынадай төрт бөліктен тұратын референсі көрсетіледі:

1) бірінші бөлікте "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы

бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – № 128 нұсқаулық) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін уәкілетті банктің үш таңбалы коды көрсетіледі ;

2) екінші бөлікте № 128 нұсқаулыққа сәйкес уәкілетті банк филиалының үш цифрдан тұратын коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлікте есепте валюталық операцияның реттік нөмірі көрсетіледі;

4) төртінші бөлікте есепті күн "ККААЖЖЖЖ" форматында көрсетіледі.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін референстің бірінші және екінші бөліктеріне арналған кодтар "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері ретінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға "Қазақстан қор биржасы" АҚ берген кодтарға сәйкес қойылады.

Әрбір валюталық операцияның референсі бірегей болуы тиіс.

4.3-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес толтырылады.

4.4-баған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

4.5-бағанда сома валюта бірлігімен көрсетіледі және математикалық дөңгелектеу арқылы бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

4.6-бағанда "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валютаның үш таңбалы әріптік коды көрсетіледі.

4.7-бағанда "01" – жөнелтілген төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын алуы немесе шетел валютасын сатуы бойынша

операциялар, чектер, вексельдер, басқа төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін, "02" – кіріс төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын есептеуі немесе шетел валютасын сатып алуы бойынша операциялар, чектер, вексельдер, басқа төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін көрсетіледі.

4.8-бағанда егер төлем және (немесе) ақша аударымы заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелері немесе бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жүзеге асырылса "1" белгісі, қалған жағдайларда "0" белгісі көрсетіледі.

4.9-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес мынадай түрде толтырылады:

"1.1" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (уәкілетті банкті қоспағанда) ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.2" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, резидентте (уәкілетті банкті қоспағанда) бейрезидентке ақшаны қайтару бойынша талаптардың туындауы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.3" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортқа ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, экспорт бойынша операциялар;

"1.4" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) аванстық төлемді немесе толық көлемде алдын ала төлем сомасын қоса алғанда (бейрезидент импорт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда), бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша немесе ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, импорт бойынша операциялар;

"1.5" – резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына бейрезидент-кәсіби қатысушыға баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.6" – резиденттің шетелдегі өз шотына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.7" – резиденттің бейрезиденттің пайдасына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға жүзеге асыратын өтеусіз ақша аударымы;

"2.1" – бір бейрезидентпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарт бойынша осындай валюталық шарттарға есептік нөмір берілуі тиіс шекті мәннен асатын жалпы сомаға бір тұлғаның күнтізбелік бір ай ішіндегі төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;

"2.2" – егер ұлттық валютадағы ақшаның шығу көзі бейрезиденттің резидентке тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден), өзге де қаржы активтерін ұлттық валютаға сатудан, Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтен ұлттық валютада дивидендтер алудан, мемлекеттік кірістер органдарының бұрын бейрезидент төлеген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және ұлттық валютаның өзге де экономикалық негізделген шығу көздерін қайтарудан түскен ақшаны алуына байланысты болмаса, бейрезиденттің баламасында елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні ішінде сатып алу операциялары;

"3.1" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылай қарыз нысанын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің үлестес тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша беруі көзделетін қаржылай қарыз;

"0" – қалған жағдайларда.

10. Нысанның 5-бөлігінде алынған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін валюталық операциялар бойынша контрагент ұйымы (банкі) – ақша жөнелтуші ұйым (банкі), жөнелтілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін бенефициар ұйымы (банкі) туралы ақпарат көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар бойынша есеп беретін уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі. Олардың негізінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілетін құжаттарда ақша жөнелтуші ұйым (банк) туралы ақпарат болмаған кезде Нысанның 5-бөлігі толтырылмайды.

5.3-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ақша жөнелтушінің ұйымы (банкі) немесе бенефициары елінің екі әріптік коды көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар үшін "KZ" коды көрсетіледі.

5.4-бағанда "1" мынадай жағдайларда:

1) егер төлем және (немесе) ақша аударымы жасалған ел (төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген бастапқы ақша жөнелтушінің банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса;

2) егер төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген ел (ақша есептелген түпкілікті бенефициардың банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса көрсетіледі.

Өзге жағдайларда "2" көрсетіледі.

11. Нысанның 6 және 7-бөліктерінде валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші немесе ақша алушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші (алушы) төлем құжаты бойынша ақша жөнелтушімен (бенефициармен) сәйкес келетін болса, онда Нысанның 6 (7)-бөлігінде Нысанның 2 (3)-бөлігіне ұқсас ақпарат толтырылады.

6.3 және 7.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валюталық шарт бойынша ақша жөнелтушінің немесе алушының тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі. Уәкілетті банкте ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың тіркелген елі немесе тұрақты тұратын елі туралы анық мәліметтер болмаған кезде көрсетілген бағандар төлем құжатының деректері негізге алына отырып толтырылады.

6.4, 6.5, 7.4 және 7.5-бағандар Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

12. Нысанның 8-бөлігінде Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бөліктеріне енгізілмеген қосымша ақпарат: валюталық заңнама бойынша инвестициялау объектісі, бағалы қағаздар эмитенті, жылжымайтын мүлік объектісінің елі туралы ақпарат, ерекше төлем талаптары, жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шотына ақша есептеу күні көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бөлігінде нақтылайтын ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды. Нысанға белгіленген шекті мәннен аз сомадағы валюталық операцияларды енгізу бұзушылық болып табылмайды.

14. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

